

УДК 39.398.3

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ӨНЕРІ

Шахан Қазыбек Халилуллаұлы

kazbekshahan@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті, түркітану кафедрасының 4 курс студенті,

Ғылыми жетекшісі – Мұсабекова У.А.

Көне түріктердің жауынгерлік өнері. Көне түркі жазба ескерткіштері мәтініндегі жауынгерлік өнер туралы деректер қазіргі түркітөктес халықтардың, оның ішінде қазақ және түрік халықтарының соғыс тактикасының, жауынгерлік өнерінің бастауы болып табылады. «Көне түркілердің жаугершілік замандағы ерлік істері мен жеңіске жету жолындағы әскери стратегиясы Орхон мұраларының тілінен кең орын алған. Жаугершілік заманында ерлік пен қаталдық қатар жүретіні белгілі. Бұл қай дәуірдегі болмасын соғыс әрекетінің негізгі шарты болып табылады. Ескерткіш мәтіндерінде

түркілердің өздерінің және қарсыластарының әскер санын бірнеше рет қайталап көрсетуі олардың әскер ұстауға, оларды соғыс өнеріне жаттықтырып, тәрбиелеуде өзіндік тәжірибелері қалыптасқанын көрсетеді» [1, 278, 281 бб.]: *Qu senjün başadu tört tümen sü kelti. Töñker tayda tegip toqydym. Üç tümen süg ölürtim.* «Төңкер-тауда...Қу-сеңүн бастаған төрт түмен /қырық мың/ қол келді. Төңкер-тауда шабуылдап жауладым. Үш түмен /отыз мың/ қолды қырдым» БҚ. Көне түркі көшпелілердің әскери құрылымы оң қанат және сол қанат болып екі топқа бөлініп, әскер қосындары ондық, жүздік бес жүздік, мыңдық, түмен (он мыңдық), (жүз мыңдық) армияның санына қосылып отырған [2, 316 б.]. Жаугершілік заманда өмір сүрген көне түркілер соғысу өнерін жетік меңгерді, олардың өзіндік шайқасу тәсілдері, жеңіске жету әдістері болды.

Барлау тәсілі. Көне түркі әскерінде барлау кең түрде қолданылған, бұл аяқ астына н шабуылға ұшырамаудың, сәтсіздікке ұшырамаудың негізгі амалы болып табылған. Шайқасқа дайындық кезінде де тыңшылық пен барлау жүргізілген, арнайы жансыздар жіберілген. Көне түріктердің жауынгерлік дәстүрінде найза, садақ, қылыш, айбалта және шоқпар сияқты қару түрлері қолданған. Қарудың бұл түрлері Ат үстінде де, жаяу соғыста да ыңғайлы бұл қару түрлерін олардың кейінгі ұрпақтары қазақтар мен түріктер де қолданған.

Қамал құру. Көне түркілер жорықта жүріп бір жерге тоқтағанда жау шабуылынан сақтану үшін күйме, арбаларды бір-біріне қосып байлап бекініс жасайтын болған, кейде сыртынан ор да қазылған, іш жақтан шатырлар шеңбер құрай орналастырылып, шеңбердің ортасында қолбасшының шатыры тігілген. Қамал құрудың тағы бір тәсілі соғысатын жердегі табиғи бекіністер: тау қойнауы, шатқалдар, үңгірлер т.б. Тау қойнауында ішке кіре орналасып, қамал құрып, ор қазып, топырақ үйіп бекініс жасайды. Қамалда әскердің жартысын қалдырып, жартысын таудың сыртына жасырады. Жау тау ішіне кіргенде жауды қоршап атады. Одан кейін таудың сыртындағы әскерлер келіп жауды ойсырата жеңетін болған. Көне түркілердің тастан, балшықтан соғылып қаланы қоршап, сыртынан ор қазылып, су жіберілген бекіністері де қамал аталған.

Жау қамалдарын алу тәсілдері. Көне түркілердің жау қамалдарын алу тәсілдерінің бірі - *өрт қою.* Садақ жебелерінің ұшына өрт шығаратын майланған шүберек байлап ату. Түркі әскерлері ат үстінде отырып шоқпар лақтыру, қылыштасу, найзаласу, садақ ату т.б. соғысу өнерлерін жақсы меңгергендері тарихи әдебиеттерде айтылады. Ат құлағында ойнайтын түркі әскелері жалпақ кіселермен белдерін буып, алты-жеті тәулік бойы аттан түспей әскери жорықтарға, шайқастарға қатысқан. Жорықта сарбаздар қосарлап ат мініп, соғыс аттарын демалдырып отырған. Сонымен қатар, түркілердің *дабыл қағу* тәсілі арқылы сарбаздарды тез жинап, сапқа тұрғызу тәсілі де соғыс өнеріне жатады. Көне түркілер «бұйрық талқыланбайды, орындалады» деген қағиданы ұстанды. ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы жаугершілік заманда өмір сүрген қазақтар мен түріктердің ата-бабалары да көне түркілердің жауынгерлік өнерін жалғастырды.

Жалпы соғыс қай қоғамда болмасын үлкен ауырпалықпен, қайғы-қасіретпен қатар жүреді. Қазақ батыры, ХХ ғасыр соғыс өнерінің шебері Бауыржан Момышұлы «Ұрыс өнерінің негізі – дұшпанға оқпен әсер ету, оның адам күшін қырып-жою, өз күшінді аман сақтау. Ұрыс жүргізу өнерінің мәні де осыған байланысты. Ұрыс идеалы – бұл ұрыста шығынсыз жеңіп шығу, ал ұрыс өнері – ұрыста барынша аз шығынмен жеңіп шығу. Ұрыста кездейсоқтық көп ұшырасады деседі. Ұрыста кездейсоқтық жоқ, дұшпан үшін күтпеген жағдай бар. Жеңіс пен жеңіліс – себептілік және заңдылықты нәрсе» [3, 25 б.] деген ой айтады. Бұл ұстаным ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлар аралығындағы қазақ, түрік жауынгерлерінің де қағидасы болғанын аңғаруға болады.

Қ.С.Ахметжанов әскери өнердің бірнеше құрамдас бөлігін көрсетеді: 1) әскердің құрылымы және әскер түрлері; 2) әскерді басқару және әскери лауазым жүйесі; 3) әскерді қару-жарақпен азық-түлікпен қамтамасыз ету әдістері; 4) әскери дайындық өткізу, әскери байқау әдістері; 5) майданда әскери шеп құру, аяқасты жүргізу тәсілдері;

б)соғысты жүргізу тактикалары; 7) қорғаныс жүргізу тәсілдері; 8) әскерді марапаттау, атақ беру жүйесі; 9) батырлардың жекпе-жегін өткізу әдістері; 10) қарулардың жеке түрлерін қолдану тәсілдері; 11) әскерді қаржыландыру, т.б.» [4, 178-179 бб]. Соғыс өнерінің осы құрамдас бөліктері көне түркілердің де, олардың ұрпақтары қазақтар мен түріктердің де әскери тарихынан да орын алады.

Осман империясының әскери құрылымы. XIV ғасырда Осман әскерінің белгілі бір құрылымы қалыптасты, ол XIX ғасырдың бірінші үштен біріне дейін сақталды. Орханның тұсында жаяу әскер жасақтары (яя немесе пиаде) және атқыштар (мюселлем) құрылды, олар бейбіт уақытта егіншілікпен айналысып, салықтан босатылды, ал әскери мақсатта олар жұмылдырылып, жорықтар кезінде жалақы алды. XV ғасырдың бірінші ширегінде олар көмекші функцияларды ойнай бастады. Оның астында исламға бет бұрған 1000 құлдан тұратын жаяу әскер құрылды, ол мемлекеттің қамқорлығында болды – жаңа шеріктер (ени чери – жаңа армия). Басында түркі типіндегі жеңіл атты әскер – Ақынжы маңызды рөл атқарды, бірақ кейін ол екінші шепке ауысып, жаңа шеріктерді алдыңғы шепке шығарады.

Жауынгер халық – Осман түріктерінің XIV ғасырда қалыптасқан әскери құрылымы жинақтау тәсілі бойынша төмендегідей бөлінді:

Капикуланың әскері – мемлекет ұстаған қарулы күштердің негізгі бөлігі. Оған жаяу әскер, атқыштар, артиллерия және флот кірді;

Сераткула әскері – провинциялық биліктің қаражатына жасақталған көмекші армия. Көмекші армия жаяу әскер мен атқыштардан тұрды;

Топраклы әскері – әскери жүйе негізінде құрылған атқыштар жасағы. Бұл жүйелік құрылым XVII ғасырларға дейін сақталып, дамытылды. Әскери әлеуетін үнемі жетілдіріп отырған Осман империясының әскери күші өз заманының ең қуатты әскері болды.

XVIII ғасырдағы осман түріктерінің әскери құрылымында өзгерістер болып, құрылымдар жаңа атауларға ие болды, олар:

Қапықұлудың тұрақты әскерлері;

Тимарлы атты әскерлер (сипахи);

Провинциялық әскерлер;

Левенда соғыс уақытының жалдамалы құрамалары;

Еріктілер;

Осман империясының вассалдары.

Сырдың бойынан барып Еуропаны дүр сілкіндірген түріктердің әскери құрылымының дамуы олардың жауынгерлік өнерінің де дамуымен, соғыс тактикасының жоғары деңгейге көтерілуімен қатар жүрді. Жауынгер ата-бабалары көне түркілерден ұласып келе жатқан түрлі соғысу тәсілдері мен соғыс құралдары заманмен бірге жетіліп қуатты күшке айналды.

Қазақ хандығының соғысу әдістері. Жаугершілік кезеңде қару-жарақтың сай болуы көп мәселені шешеді. *Бес қару* қазақ батырлары қолданатын соғыс қару-жарақтарының негізгі кешенін білдіретін ұғым: «Әзірше біз ер қаруының басты екі ерекшелігін анықтадық. Біріншісі – жалпы еркек адам емес, тек жауынгер, әскери адам ғана ұстайтын құрал екендігі, екіншісі – күнделікті тұрмыста да қолданатын қарулар» [4, 88 б.]. Ш. Уәлиханов қазақтардың әскери өнерін зерттеп, қару-жарақтарды екіге бөліп қарастырады: Біріншісі – мал күзеткенде және ішкі қақтығыстар кезінде қолданылатын қарулар. Олардың қатарына қамшы, құрық, сойыл жатады [5, 463 б.]. Екінші топқа соғыс кезінде қолданылатын қарулар кіреді. Олар: ертеректе қайқы қылыш, кейін сапылар; селебе мен жекеауыз және «үнемі әр қазақта болатын пышақ»; одан әрі найза; садақ, жақ және жебелері; мылтық деп көрсетеді [5, 464-466 бб.].

Жаугершілік заманда қазақ батырлары мен жауынгерлері бірнеше соғыс тәсілін қолданған.

Көз алдау – айқас кезінде жау жағы әскер саны көп деп ойласын деп атқа адам бейнесін, киіндірілген қуыршақтарды атқа отырғызып қоятын тәсіл. Бұл әдіс қарсыласына үрей туғызған. Егер жаулары басым түссе, олар жауларына артынан қууға жол берген. Олар бір-бірінен бөлінген кезде іздеріне түсіп арттарынан қуа жүріп, сарбаздарды қырып отырған.

Қоян қашты – өздері әдейі қашып, бөлініп қуған жауды қоршап алып, жою тәсілі. Жауды алдау үшін кейін шегініп, негізгі әскердің торылуына ілестіріп келген, содан кейін қоршауға түсірген. Осы тактиканы Аңырақай шайқасында Әбілхайыр бастаған қазақ сарбаздары қолданған.

Ай қораланды – жауын айналдыра сырттан қоршап алып, біртіндеп қыса түсетін тәсіл. Жауды қоршауға алып, жеке-жеке жоя отырып, жаудың тылмен байланысын үзу тәсілі.

Тұлғама және тұлғамыш тәсілі – жауды қоршап алып, қоршаудағы жауға не оның тылына шабуыл жасау. 1726 жылы Сарысу өзені бойындағы Айран төгілген деген жерде болған қазақ-жоңғар айқаста қазақтар осы әскери тәсілді қолданған. «Қазақтар жоңғарлармен соғысты *Құйрық жеу, Ашамай* т.б. қазақтың байырғы ұрыс тәсілдерін кеңінен қолданды» [6, 67-68 бб.].

Бәрі бүлкек – артынан қуып келе жатқан жауларынан тым алыстап кетпей, қарасын көрсете қашып, дұшпандарын шашыратып барып қайтарма шабуылдап соққы беретін тактика.

Моңғол диірмені – жау кенеттен шабуылдаған кезде сарбаздар шеңбер жасап, атпен айнала шауып жүріп жауға қарай садақтан оқ жаудырады. Жау қоршауының ішінде қалып қойса да, сыртында болса да айнала оқ жаудырып, жеңіске жеткен.

Жылжымалы қамал – екі жақтың күші бірдей түсіп, жаумен бетпе-бет кездескен жағдайда қазақтар сап түзеп, бірнеше қатарға бөлінген. Алдыңғы қатардағы атты жауынгерлер саптарын сүйір ұшты етіп құрады. Әр топтың араларына және арт жағына шабуылға шыққан жауды кідірту үшін арбалар қойылады. Осы арбалардың артында қажет кезінде ұрысқа түсуге дайын атты әскерлер тұрған. Егер жау жағының күші басым келген жағдайда және шабуылды олар бірінші бастайтынына көздерін жеткізген жағдайда соғысу тәсілін өзгертіп, басқаша жүргізеді. Үстіне өгіз, түйе терілерін жапқан арбалардан дөңгеленте бекініс жасайды да арбалардың шетіне жағалай тұрып алып, шабуылға шыққан жауына оқ жаудырады. Жау қай жағынан келсе де, дөңгелене құрылған бекіністегі қазақтарды ала алмайтын болған. 1643 жылы Орбұлақ шайқасында жоңғар әскеріне қарсы Салқам Жәңгір осы әдісті қолданған.

Қазақ хандығы мен Осман империясы жауынгерлік өнеріндегі ортақ тактика. «Ұрыс дегеніміз – бұл дұшпанға ұйымдасқан түрде әсер ету. Бірақ та ең алдымен ақылмен ықпал ете білу қажет, басқа сөзбен айтқанда, ұрыс дегеніміз – ақыл мен ақылдың шайқасы болмақ» [3, 24 б.]. Жалпы түркілердің, қазақтар мен түріктердің да әскери дәстүрі бойынша шайқас көбіне батырлардың жекпе-жегімен басталатын болған. Жаумен соғыста жекпе-жектер бірнеше күнге, тіпті айға дейін созылған.

Жекпе-жек – әскери өнердегі жауынгерлердің жетістіктерін айқындайтын батырлар айқасының төресі. Ұрыс, не майдан алдындағы батырлардың жеке айқастары. Оған қатысу батырлардың жауынгерлік борышы саналған. Өз ісіне машықты кәсіби жауынгерлер аз қантөгіспен, жеке айқастарымен соғыс тағдырын шешіп отырған. Жекпе-жекте жау батырын жеңу, батырлардың атағын шығарып, дәрежесін өсірген. Жеңген батыр қарсыласының атын, қару-жарағын олжалаған. Батырлар жекпе-жегін өткізу қазақтарда XIX ғасырға дейін сақталып келді. Көбінесе қазақтың тарихи эпостық

батырлар жырларында көп айтылады. Анырақай шайқасында Бөгенбайдың қалмақ батырлармен, Кенесарының қырғыздармен шайқасында болған жекпе-жектер белгілі. Жекпе-жектер ат үстінде де, жаяу да жүргізілген. Түрік батырларының ат үсті жекпе-жектерінде өте шебер қолданылатыны әдебиеттерде жазылған [7, 88 б.]. Қазақ батырлары да қару түрлерін жекпе-жекте әртүрлі әдіспен шебер пайдаланғаны белгілі.

Түрік батырларының да жекпе-жекте көрсеткен ерліктері аңызға айналған [8, 14 б.]. Түрік қахармандарының жекпе-жек өнеріндегі шеберлігі Византияны алған кезеңдерінен бастап, XVIII ғасырларға дейінгі ірі шайқастарда айқын көрініс табады. Көне түркілердің *барлау, із кесу* әдістерін қазақтар мен түріктердің де тиімді пайдалана білгенін дәйектейтін деректер жеткілікті.

Соғыс өнері тек шеп құру, шабуыл жасау, айқас жүргізу ғана емес, жақсы қорғаныс құра да білу. Сыртқы жаудан қорғану үшін жасалатын бекіністерді қазақтар да *қамал құру* немесе *қамал* деп атайды. Қамал тастан, топырақтан немесе басқа әдіспен дөңгелене қоршалып жасалған бекініс. Қамал құру әдісі Осман түріктерінің әскери жорықтарында да кеңінен қолданылған. Қазақтар мен түріктердің әскери тарихындағы жауынгерлік өнердің ортақтықтары көне түркілердің әскери дәстүрі арқылы жалғасқанын аңғаруға болады.

Қорытынды. Түбі бір түркі халықтары – қазақтар мен түріктердің жауынгерлік өнері ежелгі сак, ғұн тайпаларының соғысу тәсілдерінен бастау алып, Ұлы даланы ат тұяғының дүбірімен тербеткен көне түркілердің соғыс тактикасынан жалғасып келе жатқан әскери дәстүр. Ата-бабалардың соғыс өнерін мұра еткен қазақ және түрік халықтарының жауынгерлік қарым-қабілеті XV-XVIII ғасырлар аралығындағы қанды шайқастарда сынға түсті. Бірде жеңіп, бірде жеңіле жүріп өздерінің әскери өнерін дамытты.

Қазақ және түрік халықтарының соғыс тактикасын және де жауынгерлік өнерін жетік меңгергенін дәйектейтін деректер жеткілікті. Жауынгер халықтардың отты қару пайда болғанға дейінгі әскери күш-қуаты мен жауынгерлік өнері жайлы мәліметтерді ауыз әдебиеті үлгілерінен де, тарихи деректерден де кездестіреміз. Халықтың жауынгерлігі халық патриотизмімен ұласып жатқан ұғым. Елі үшін, халқы үшін, келер ұрпақ үшін қан төккен батыр бабаларымыздың жауынгерлік өнері жалпытүркілік мүдденің биіктігін айқындайтын рухани құндылық ретінде өзектелуі қажет.

«Ұрыс – ақыл мен ақылдың шайқасы» деген Бауыржан атамыздың ұлы қағидасын [3, 24 б.] ескерсек, әр заманда өз мықтылығын көрсете білген, әрбір түркі халықтары өздерінің жауынгерлік өнерімен және өздерінің ақыл-даналығымен мықты деп санаймын. Болашаққа ашық көзбен қарайтын болсақ, біз ең бірінші ата бабамыздың бізге қалдырған мұрасын ешқашан ұмытпауымыз керек. Менің ойымша, тарихын ұмытқан ол елін, тегін ұмытқанмен бірдей!

Қолданылған әдебиеттер

1. Ескеева М.Қ. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. – Астана: Сарыарқа, 2011. – 319 б.
2. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. 261-262 б.
3. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Соғыс психологиясы. Гвардия полковнигі Б. Момышұлымен болған әңгіменің стенограммасы. Әдеби KZ, 2013. –222 б.
4. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). –Алматы РГЖИ «Дәуір» АО «Томол». 1996. –291 б.
5. Ш.Ш. Уәлиханов. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи / Бес томдық шығармаларының толық жинағы. Т.1. –Алма-Ата, Ан Каз ССР, 1961. –463-468 с.

6. Қазақ көтерілістері: Энциклопедия. / Бас ред. Ж.Н. Тойбаева. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2015. – 67-68 б.
7. Аствацатурян Э. Г. Турецкое оружие. – Атлант, 2002. –337 с.
8. Басханов М. К., Колесников А. А. Накануне Первой мировой: русская военная разведка на турецком направлении. Документы, материалы, комментарии. – Тула: Изд-во «Гриф и К.», 2014. –338 с. [https:// studme.org/324664/politologiya/sovershenstvovanie_taktiki_vedeniya](https://studme.org/324664/politologiya/sovershenstvovanie_taktiki_vedeniya)